

Қаражал қаласының Қоғамдық кеңесінің ҰСЫНЫМЫ

Қаражал қаласы

№ 2

2026 жылғы 18 наурыз

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына, Қоғамдық кеңестер туралы Үлгілік ереженің 54-тармағына сәйкес Қаражал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Қален Бекзат Пердебекұлының ақпаратын тыңдап, талқылай келе **Қаражал қаласының қоғамдық кеңесі ұсынады:**

1. Қаражал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Б.П.Қаленнің ақпараты назарға алынсын.

2. «Қаражал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы» бөліміне Қоғамдық кеңес алдында ай сайын есеп беріп отыру ұсынылсын.

3. «Қаражал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы» бөлімінің басшысы Б.П.Қаленге ұсынылсын:

1) Аймақтағы барлық үйлерге инвентаризация жасау;

2) Әр объектіге бір депутат, бір Қоғамдық кеңес мүшесін қоса отырып мобильді топ құру (мобильная группа);

3) Ватсап мессенджерінде группа ашып, оған барлық депутаттар мен барлық мердігерлерді, Қоғамдық кеңес мүшелерін қосу;

4) Барлық мердігерлерді сәуір айында есеп беруге шақыруды жоспарлау;

5) Қоғамдық кеңестің кезекті отырысына 25 орам №12 үй мердігерін шақыру;


6) «Жарықтандыру» бағдарламасын «жолдарды күтіп ұстау» бағдарламасынан бөліп тастау мәселесін қарастыру ;

7) «Жарықтандыру» бағдарламасын көшені тазалап ұстау бағдарламасына қосу мәселесін қарастыру;

8) Осы ұсынымдардың орындалу барысы туралы ақпаратты қалалық мәслихат аппаратына 2026 жылдың 13-сәуіріне дейін тапсыру.

9) Осы хаттаманың орындалуын бақылау Қоғамдық кеңес хатшысы Р.М.Себекке жүктелсін.

Қоғамдық кеңестің төрағасы

 **А.Такибаев**